

**Көксу ауданының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 91 қаулысы . Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының Әділет басқармасында 2009 жылдың 22 мамырда N 2-14-74 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 17 мамырдағы N 134 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2010.05.17 N 134 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 1-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 779 Жарлығы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарабұлақ кенті, Строитель көшесі N 11 мекен-жайындағы шақыру учаскесіне "Алматы облысы Ескелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім" мемлекеттік мекемесі арқылы Қазақстан Республикасының шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сай құрамда құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сай бекітілсін.

4. Кенттік, ауылдық округ әкімдері 2009 жылдың сәуір-маусымында және

казан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. Аудандық ішкі істер бөлімі (Ерлан Қанатжанұлы Исабеков келісім бойынша): әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзіреті шегінде ұйымдастырып жүргізсін, ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әлия Секерғалиқызы Сыдықоваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудан әкімі</i>		<i>К.Әбдірахманов</i>			
Аудан	әкімдігінің	2009	жылдың		
27 сәуіріндегі	N 91	Көксу	ауданының		
азаматтарын	2009	жылдың	сәуір-		
маусымында		және	казан-		
желтоқсанында			кезекті		
мерзімді	әскери		қызметке		
шақыру	туралы		қаулысына		
1 қосымша					

### **Аудандық шақыру комиссиясының құрамы**

Асан Уахитұлы Қанағатов - комиссия төрағасы – "Ескелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім" мемлекеттік мекемесінің бастығы.

Алия Секерғалиқызы Садықова - комиссия төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары.

Комиссия мүшелері:

Хасен Ерасылұлы Ақбасов - Көксу аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары;

Жұмабек Мақатұлы Алшымбеков - "Көксу ауданның орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны бас дәрігердің орынбасары, аудандық дәрігерлік комиссияның төрағасы;

Гүлнар Шабалықызы Әбішова - комиссия хатшысы "Көксу аудандық орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының медбикесі.

27 сәуіріндегі Аудан әкімдігінің 2009 жылдың  
азаматтарын N 91 Көксу ауданының  
маусымында 2009 жылдың сәуір-  
желтоқсанында және қазан-  
мерзімді әскери қызметке  
шақыру туралы қаулысына  
2 қосымша

**Аудан бойынша азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі:**

P/c	Кенттік ауылдық округтер	Сәуір										Қыркүйек					Қазан					
		10	11	12	13	14	17	18	19	20	21	24	25	26	29	30	1	2	3	6	7	
1	Айнабұлақ	X										X										
2	Алғабас	X										X										
3	Еңбекші		X										X									
4	Жарлыөзек					X								X								
5	Қаблица				X										X							
6	Мұқыры				X												X					
7	Мұқаншы			X											X							
8	Мұсабек					X											X					
9	Лабасы							X									X					
10	Балпық								X	X	X	X							X	X	X	X